

**"2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" 2009 жылғы 26 қаңтардағы № 579 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімдігінің 2009 жылғы 18 мамырдағы N 1 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Курчатов қаласындағы Әділет басқармасында 2009 жылғы 3 маусымда N 5-3-76 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімдігінің 2010 жылғы 18 ақпандағы № 267 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімдігінің 2010.02.18 № 267 қаулысымен.**

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңын орындау үшін, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру тәртібін жетілдіру, жұмысқа орналасуда қиындықтар көретін халықтың түрлі топтарына мемлекеттік кепілдіктер мен қолдау жүйесін кеңейту мақсатында Курчатов қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы» әкімдіктің 2009 жылғы 26 қаңтардағы № 579 қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2009 жылғы 13 ақпанда 5-3-65 нөмірімен тіркелген, «Дидар» газетінде 2009 жылғы 21 ақпандағы 22 нөмірінде, «Рудный Алтай» газетінде 2009 жылғы 24 ақпандағы 25 нөмірінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

Аталған қаулының «Ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын қала кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің тізімі» бірінші қосымшасында:

24 тармақта «Балапан» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны» жолында «Ақылы қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың саны» бағанында «20» саны «25» санына ауыстырылсын;

«Барлығы» жолында «Ақылы қоғамдық жұмыстарға қатысатындардың саны» бағанында «140» саны «145» санына ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Курчатов қаласы әкімінің орынбасары Е. В. Старенковаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Курчатов қаласының әкімі*

*А. ГЕНРИХ*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК